




2016ж. қаңтар

ҚР Ұлттық Банкі

**Қазақстан экономикасына қысқаша шолу****Негізгі түйіндер****2016ж. қаңтарда қысқа мерзімді экономикалық индикатор төмендеді**

2016ж. қаңтар қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 1,5%-ға төмендеді. Саудада, өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіру саласы және байланыста көлемдердің қысқаруы қысқа мерзімді экономикалық индикатордың төмендеуіне себепші болды.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ЖІӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

**1. Макроэкономикалық индикаторлар****1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер**

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар		% -бен		2016ж. қаңтар 2015ж. желтоқсанына
					2015ж. қаңтарына		
	A	Б	1	2	3	4	5
1	<b>ЖІӨ (2015ж. үшін жедел деректер)</b>	млрд.теңге	<b>40 761,4*</b>		<b>101,2*</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	1 281,2		99,3		82,8
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	145,1		101,9		49,9
4	Құрылыс	млрд.теңге	63,6		101,2		16,7
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	40,2		98,7		85,3
6	Байланыс	млрд.теңге	58,3		96,2		99
7	Сауда	млрд.теңге	492,8		92,7		61,7
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	262,8		102,5		26,4
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	-		114,4		101,3
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	5,1		-		-

\* - Деректер 2015ж. үшін көрсетілген

**Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер**

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-желтоқсан	2015ж. желтоқсан	% -бен		2015ж. желтоқсан 2015ж. қарашасына
					2014ж. қаңтар-желтоқсанына	2014ж. желтоқсанына	
	A	Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	75,9	6,2	62,9	68,6	121,8
1.1.	- экспорт	млн. долл.	45,7	3,9	57,5	74,1	137,4
1.2.	- импорт	млн. долл.	30,2	2,3	73,1	61,0	102,4
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс	мың теңге	798,4	76,5	107,3	104,7	113,3
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге					
4	Нақты жалақы индексі (бағалау)	%	-	-	97,6	92,8	100,1

**Ескерту:** Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

**2015ж. қаңтарда өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және құрылыста өсудің жалғасуы байқалды.**

## Оң үдерістер

р/с №	2016ж. қаңтар %-бен 2015ж. қаңтарына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015ж. қаңтар-желтоқсан %- бен 2014ж. қаңтар- желтоқсанына
1. ЖІӨ (2015ж. үшін жедел деректер)	101,2*	өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс пен көлікте өсудің жалғасуы*	
2. Өңдеу саласы	100,4	металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы	100,2
3. Ауылшаруашылығы	101,9	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	104,4
4. Құрылыс	101,2	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	104,3
5. Негізгі капиталға инвестициялар	102,5	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	103,7

\* - Деректер 2015ж. үшін көрсетілген

**2016 ж. қаңтарда саудада сауда кәсіпорындармен тауарларды бөлшек сатудың көлемдерінің қысқартуы есебінен төмендеу орын алды. Өнеркәсіп саласында тау-кен өндірудің есебінен төмендеу байқалды. Импорт пен экспорттың төмендеуі сыртқы сауда айналымының қысқаруына себепші болды.**

## Теріс өзгерістер

Непп	2016ж. қаңтар %-бен 2015ж. қаңтарына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015ж. қаңтар-желтоқсан %- бен 2014ж. қаңтар- желтоқсанына
6. Өнеркәсіп	99,3	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы	98,4
6.1 Тау-кен өндіру саласы	98,6	шикі мұнай мен металл рудаларын өндірудің төмендеуі	97,5
7. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	92,7	саудамен айналысатын кәсіпорындармен тауарларды бөлшек саудада өткізудің төмендеуі	99,6
8. Көлік (жүк айналымы)	98,7	теміржол және автомобиль көлігіндегі жүк айналымының азаюы	92,5
9. Байланыс	96,2	мобильді байланыс пен жергілікті телефонды байланыстан түскен кірістердің төмендеуі	100,6
10. Инфляция	114,4	тауарлар мен қызметтері топтарының барлығына баға деңгейінің өсуі	106,6
11. Сыртқы сауда айналымы*	62,9	экспорт пен импорттың төмендеуі	63,2
11.1 Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	57,5	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	56,7
11.2 Сыртқы сауда айналымы: импорт*	73,1	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	74,3

\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп жарияланады. Осы себеппен, кестенің сол жақ бағанасында мәліметтер 2015ж. қаңтар-желтоқсаны 2014ж. қаңтар-желтоқсанына %-дық есеппен, ал оң жақ бағанасында 2015ж. қаңтар-қарашасы 2014ж. қаңтар-қарашасына %-дық есеппен келтірілген.



## Жалпы ішкі өнім


## 1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

## 2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін ЖІӨ 1,2%-ға өсті

ҰЭМСК-нің жедел деректері бойынша, ЖІӨ 2015ж. үшін 2014ж. салыстырғанда нақты көрсеткіште 1,2%-ға ұлғайып, 40,8 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,1%-ға, ал қызмет көрсету 2,3%-ға өсті. 2014 ж. салыстырғанда, қызметтерді өндіруінің өсуі 3,4%-ға баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 56,8%-ға дейін өсті.

2015ж. үшін өндіріс әдісімен ЖІӨ-дегі дефлятор мәні 98,9-ді құрады (2014ж.-105,6); тауарларды өндіру - 99,3, қызметтерді өндіру - 104,1 (2014ж. нәтижелері бойынша сәйкесінше 106,8 және 107,5).



2015 ж. қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығы, құрылыс пен қызмет көрсету секторлары ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін енгізді. Тау-кен саласындағы төмендеу есебінен өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы ІЖӨ-іне теріс әсерін тигізді.


## 1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ

## 2015 ж. қаңтар-қыркүйегі үшін түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 1,0%-ға ұлғайды

ҰЭМСК деректері бойынша, 2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 1,0%-ға ұлғайып, 25,2 трлн.теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 2,8%-ға өсті, жалпы жинақтау 2014 ж. тиісті кезеңіне шаққанда 5,0%-

Өсуге үй шаруашылықтарының (2,8%-ға), мем. басқару органдарының (2,5%-ға), , ҰШҚҚ\* (3,0%-ға) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау шығыстарының ұлғаюы (1,3%-ға өсу) себепші болды. Таза экспорттың үлесі 12,4%-ға төмендеді. Тауарлар мен қызметтердің экспорты 2014 ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,2%-ға, импорты 6,7%-ға төмендеді.

2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ-нің дефлятор мәні 95,2-ды құрады (2014ж. 111,0); түпкілікті тұтыну шығыстары - 108,2, жалпы жинақтау - 104,1, экспорт - 72,3, импорт - 96,6 (2014ж. қорытындылары бойынша сәйкесінше 109,1, 106,7, 116,2 және 109,6).




\* - ҰШҚҚ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

## 1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

## 2015 ж. қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. қорытындылары бойынша ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014ж. қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (8,0%-ға өсу). Беларусь, Ресей және Украинада 2015ж. ЖІӨ сәйкесінше 3,9%, 3,7% және 1,2%-ға төмендеу байқалды.



## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


**Мұнайдың бағасы**

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және, тиісінше, өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етеді. Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 36,0%-ға төмендеп, 2016ж. қаңтарда баррельге 30,8\$ құрады. Тау-кен өндіру саласында өндірістің көлемдері 2016ж. қаңтарда 2015ж. сәйкес көрсеткіштерімен салыстырғанда нақты көрсеткіште 1,4%-ға төмендеді, ал ақшалай көрсеткіште 14,2%-ға өсті.

**Мұнай бағасы және өндіріс көлемдері**

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2016ж. қаңтарда оның үлесі сәйкесінше 38,6%-ға тең болды.

2016ж. қаңтарда өңделмеген мұнайды өндіру (НКИ) 2015ж. қаңтарға қарағанда 0,5%-ға төмендеді. 2015ж. қаңтарда өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2015ж. сәйкес кезеңіне қарағанда 0,9%-ға төмендеді. 2016ж. қаңтарда мұнай бағасының индексі 2015ж. сәйкес кезеңіне 7,3%-ға төмендеді. Тау-кен өндіру саласының НКИ-і 2015ж. желтоқсанымен салыстырғанда 14,8%-ға төмендеді\*\*.



\*- <http://econ.worldbank.org>

\*\*<http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-қарашасындағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

**Сыртқы сұраныс**

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015ж. қаңтар-желтоқсанында ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 53,5%-ға тең болды), Қытайға (12,0%) және Ресейге (9,5%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015ж. 4-тоқсанында өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда ЕО ЖІӨ-інің өсуі (28) 1,8%-ға тең болды, Қытайда - 6,8%, ал Ресейде 2015ж. қорытындылары бойынша ЖІӨ 3,7%-ға төмендеді.


**Сыртқы сауда айналымы****2015ж. қаңтар-желтоқсан**

2015ж. қаңтар-желтоқсанында сыртқы сауда айналымы 37,1%-ға төмендеді (экспорт 42,5%-ға, импорт - 26,9%-ға төмендеді). 2015ж. желтоқсанында (2014ж. желтоқсанымен салыстырғанда) сыртқы сауда айналымы 31,4%-ға төмендеді (экспорт 25,9%-ға, импорт 39,0%-ға қысқарды).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2015ж. қаңтар-желтоқсанында - 71,6%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (40,6%) басымдыққа ие.

Экспорттың төмендеуіне келесі тауарлар топтарындағы төмендеу себепші болды: минералды өнімдер - 48,7%, машиналар, жабдық, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар - 68,6%.


Импорттың төмендеуіне келесі тауарлар топтарындағы төмендеу себепші болды: машиналар, жабдық, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар - 32,4%, химиялық өнім және олармен байланысты өнеркәсіп салалары - 22,0%, мал және өсімдіктер өнімдері, дайын өсімдік тауарлары - 22,4%.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Несиелер бойынша берешек\*****2015ж. қаңтарда несиелендірудің жалпы көлемі 5,6%-ға артып, 12,8 трлн. теңгені құрады.**

2016ж. қаңтардың аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда несиелендірудің көлемі 5,6%-ға ұлғайған. Бұл өсу теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуінен болған валюталық несиелердің қайта бағалауымен түсіндіріледі. 2015ж. қаңтардың аяғына қатысты, несиелендіру көлемдері, көрсетілген кезеңде несиелендіру сәйкесінше 10,4%-ға төмендеген құрылыстан басқа, экономиканың барлық секторларында ұлғайды. Сонымен бірге, 2016ж. қаңтарда жаңа несиелерді берудің көлемі 2015ж. қаңтарымен салыстырғанда 22,3%-ға төмендеді. Несиелендіру көлемдері 2016ж. қаңтарда өткен айға 1,3%-ға өсті.

\*-кезең соңындағы деректер бойынша

\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет






## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

## Тауарлар өндірісі

## 2.1. ӨНЕРКӘСІП


## Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2016ж. қаңтарда өнеркәсіп өндірісінің көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 0,7%-ға азайды (2015ж. қаңтар-желтоқсанында 1,6%-ға азаю, 2015ж. қаңтарда - 0,8%-ға төмендеу). Бұған тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы түрткі болды.




## Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2016ж. қаңтарда тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 2015 ж. тиісті кезеңіне 1,4%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-желтоқсанында - 2,5%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтарда - 0,7%-ға төмендеу). Өңделмеген мұнай өндіру 0,5%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-желтоқсанында - 1,7%-ға төмендеу), табиғи газ мен түсті металлдар рудаларын өндіру сәйкесінше 5,6% бен 9,3%-ға ұлғайды, ал металл рудаларын өндіру 1,8%-ға төмендеді.



## Өңдеу - өндіріс көлемдеріндегі өсудің жалғасуы


2016ж. қаңтарда сала бойынша ұлғаю 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,4%-ды құрды (2015ж. қаңтар-желтоқсаны үшін - 0,2%-ға ұлғаю). Асыл және түсті металдар өндірісі 13,1%-ға өсті, металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемдері 9,3%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтарда өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 45,9%-ды құрады).



## 2.2. Құрылыс

## Өсу қарқындарының төмендеуі

2016ж. қаңтарда жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,2%-ға өсті. Құрылыс жұмыстары құрамындағы 93,1% үлесін иемденетін құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 5,3%-ға ұлғайды. Алайда, 2016ж. қаңтарда 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөнделу жұмыстарының көлемі сәйкесінше 42,0% бен 23,1%-ға төмендеді.






## 2.3. Ауылшаруашылығы

## Мал шаруашылығындағы өнім көлемдерінің өсудің жалғасуы

Ауылшаруашылығы секторы 2016ж. қаңтарда 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 1,9%-ға өсті (2015ж. қаңтар-желтоқсанында - 4,4%-ға өсу, 2015ж. қаңтарда 3,3%-ға өсу), бұның ішінде мал шаруашылығындағы өнім көлемдері 1,9%-ға ұлғайды, өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдері өзгерген жоқ.




## Қызмет көрсету саласы

## 2.4. Сауда

## Тауар айналымының төмендеуі


2015ж. қаңтарда бөлшек тауар айналымының көлемдері 2015ж. қаңтарымен салыстырғанда 7,3%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-желтоқсанында - 0,4%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтарда - 4,7%-ға өсу). Төмендеудің негізгі себебі саудамен айналысатын кәсіпорындарының бөлшек сатудағы көлемдерінің 9,6%-ға төмендеуі болған (бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі -54,9%).



## 2.5. Көлік

## Жүк айналымы көлемінің азаюы


2016ж. қаңтарда көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2015ж. қаңтарымен салыстырғанда 1,3%-ға азайды, бұл теміржол және автомобиль көлігіндегі жүк ағынының 4,1% бен 1,3%-ға азаю себебінен болды (олардың жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі сәйкесінше 44,0% және 28,1%-ды құрайды).



## 2.6. Байланыс

## Қызметтер көлемінің төмендеуі

2016ж. қаңтарда байланыс қызметіндегі көлемінің төмендеуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,8%-ды құрады (2015ж. қаңтар-желтоқсанында - 0,6%-ға өсу, 2015ж. қаңтарда - 10,8%-ға өсу). Төмендеудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 29,9% болатын мобильді байланыстан түскен кірістердің 24,5%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 6,5% болатын жергілікті телефонды байланыстан түскен кірістердің 10,3%-ға төмендеуі.






## 3. Инфляция

## 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

## Инфляцияның өсуі

2016ж. қаңтарда инфляцияның деңгейі 2015ж. тиісті айымен салыстырғанда 14,4%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар мен қызметтер топтарының бағаларының өсуі себепші болды. Айлық инфляция 1,3%-ды құрады, 2016ж. қаңтарында азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 1,8%-ға, ал азық-түлік емес тауарлары 0,9%-ға, ақылы қызметтер 1,2%-ға өсті.




## 4. Инвестициялар

## 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

## Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2016ж. қаңтарда инвестициялардың өсуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,5%-ды құрады (2015ж. қаңтарда - 2,3%-ға өсу). Негізгі көз - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, инвестициялардағы бұлардың үлесі 73,8%-ды құрады.




## 5. Еңбек нарығы

## 5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

## Жұмыссыздықтың өсуі

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және соңғы айларда 4,9-5,1% шегінде қалып отыр. 2016ж. қаңтарда 2015ж. қаңтарымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың саны 0,1%-ға азайып, ал жұмыссыздар саны 1,6%-ға өсті. Жұмыссыздық деңгейі 5,1%-ға дейін өсті.



## 5.2. Халықтың кірістері

## Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі

2016ж. қаңтарда орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2015ж. қаңтарымен салыстырғанда 6,5%-ды құрады. 2016ж. қаңтарда нақты жалақы индексі 2015ж. тиісті кезеңіне 6,9%-ға төмендеуді көрсетті. Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2015ж. желтоқсанда 7,8%-ға төмендеуді көрсетті.

